

FTAMP 14.29.23

<https://doi.org/10.26577/JES20258327>

Ж.И. Сардарова ^{1*}, **А.Ж. Хасанова ¹**, **Ш.И. Джанзакова ²**,
Н.С. Жұмашева ², **Ш.Ж. Сырбаева ²**

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан

*e-mail: sardar.Zh@mail.ru

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ПДТ (ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН) БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ КӘСІПКЕ БАУЛУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мектепке дейінгі білім беру шеңберінде кәсіби бағдар беру – баланы тәрбиелеу мен оның болашақтағы табысты мансаптық дамуы мен өзін-өзі тануына қажетті дағдыларды қалыптастырудың маңызды аспектісі болып табылады. Баланың әлеуметтену процесінің маңызды компоненттерінің бірі – оның кәсіби өзін-өзі анықтауы, яғни кәсіби жолын саналы және тәуелсіз таңдау процесі екендігін ескерек, кәсіби өзін-өзі анықтау – бұл бір реттік оқиға емес, адамның бүкіл өміріндегі мәселе және ол мектепке дейінгі балалық шақта басталатындығы сөзсіз. Сондықтан да ұсынылған зерттеу жұмысының өзектілігі, бүгінгі күн сұранысына сәйкестігі күмән тудырмайды. Авторлар зерттеу жұмысына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын, теориялық материалдарды кеңінен қолдана отырып, жан-жақты талдау жасап, тұжырым жасалған. Соның ішінде бүгінгі инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі ПДТ (психикалық дамуы тежелген) балаларды ерте кәсіпке баулу маңыздылығын негіздеуге тырысқан. Мектепке дейінгі ұйымдағы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ерте кәсіптік бағдарлаудың қажеттілігі мен маңыздылығын мұндай балаларда әртүрлі мамандықтар туралы нақты визуалды идеяларды қалыптастырумен тұжырымдалған. Бұл олардың білімін кеңейтуге және еңбекке деген оң көзқарас пен құрметті қалыптастыруға ықпал ететіндігін жүргізілген тәжірибелік жұмыс арқылы дәлелдеген. Сонымен қатар ерте кәсіптік бағдар беру арқылы ЕББҚ балаларды қазіргі тез өзгермелі қоғамдағы өмірге дайындауға зор мүмкіндік тудыратындығын негіздеген.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі бала, сөздік қор, психикалық дамуы тежелген, ләпбук технологиясы, ерте кәсіпке баулу.

Zh. Sardarova ^{1*}, A. Khassanova ¹, Sh. Dzhanzakova ²,
N. Zhumasheva ², Sh. Syrbayeva ²

¹Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²Atyrau State University named after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

*e-mail: sardar.Zh@mail.ru

Opportunities for Early Career Guidance for Preschool Children with Delayed Mental Development (DMD)

Career guidance in the framework of preschool education is the formation of a child's ability for successful career development, and is also an important aspect of the formation of skills necessary for self-awareness. Taking into account that one of the most important components of the child's socialization process is his professional self-determination, that is, the process of conscious and independent choice of a professional path, professional self-determination is not a one-time event, but a problem of a person's entire life, and it undoubtedly begins in preschool childhood. Therefore, the relevance of the presented research work and its compliance with the requirements of today are beyond doubt. The authors conducted a comprehensive analysis and drew conclusions, making extensive use of research papers and theoretical material related to research work. In particular, in today's conditions of inclusive education, they tried to justify the importance of early involvement of preschoolers with ASD (with mental retardation) in the profession. The necessity and importance of early professional orientation of children with special educational needs in preschool organizations are formulated in such children with the formation of specific visual representations of various professions. It has been proven by the experimental work carried out that this contributes to the expansion of their knowledge and the formation of a positive attitude and respect for work. It was also found that through early career guidance for preschoolers with special educational needs, it creates great opportunities for preparing children for life in a modern, rapidly changing society.

Key words: preschooler, vocabulary, mental retardation, laptop technology, early career guidance.

Ж.И. Сардарова^{1*}, А.Ж. Хасанова¹, Ш.И. Джанзакова²,
Н.С. Жумашева², Ш.Ж. Сырбаева²

¹Казахский педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

²Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан

*e-mail: sardar.Zh@mail.ru

Возможности ранней профориентации дошкольников с задержкой психического развития (ЗПР)

Профориентация в рамках дошкольного образования – это формирование у ребенка способности к успешному карьерному развитию, а также является важным аспектом формирования навыков, необходимых для самосознания. Принимая во внимание, что одним из важнейших компонентов процесса социализации ребенка является его профессиональное самоопределение, то есть процесс осознанного и самостоятельного выбора профессионального пути, профессиональное самоопределение – это не разовое событие, а проблема всей жизни человека, и оно, несомненно, начинается в дошкольном детстве. Поэтому актуальность представленной исследовательской работы и соответствие требованиям сегодняшнего дня не вызывает сомнений. Авторы провели всесторонний анализ и сделали выводы, широко используя научно-исследовательские работы, теоретический материал, относящийся к исследовательской работе. В том числе в современных условиях инклюзивного образования пытались обосновать важность раннего вовлечения дошкольников с ЗПР (с задержкой психического развития) в профессию. Необходимость и важность ранней профессиональной ориентации детей с особыми образовательными потребностями в дошкольной организации сформулированы у таких детей с формированием конкретных наглядных представлений о различных профессиях. Было доказано проведенной экспериментальной работой, что это способствует расширению их знаний и формированию позитивного отношения и уважения к труду. Также было установлено, что посредством ранней профориентации дошкольников с ООП (особыми образовательными потребностями) создает большие возможности для подготовки детей к жизни в современном быстроменяющемся обществе.

Ключевые слова: дошкольник, словарный запас, задержка психического развития, технология лэпбук, ранняя профориентация.

Кіріспе

Мектепке дейінгі ПДТ (психикалық дамуы тежелген) балаларды кәсіптік бағдарлау – бұл психология мен педагогикадағы жаңа, зерттелмеген бағыт. Ересектердің еңбегімен және қоршаған әлеммен танысу мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастау алады. Мектепке дейінгі балалар ауыз әдебиеті үлгілері (ертегілер, аңыз әңгімелер), күнделікті тұрмыста ересектермен қарым-қатынас жасау және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әртүрлі мамандықтар туралы алғашқы мәліметтер алады (Котарева, 2015; Байтұрсынова, 2010).

Соңғы он жылдықтағы инклюзивті білім берудегі басым идея – бұл үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік өмір жағдайларына тез бейімделе алатын табысты тұлғаны қалыптастыру. Өйткені мектеп жасына дейінгі балаларды, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қазақ халқының ұлттық, отбасылық құндылықтарына, әлеуметтік-мәдени нормаларға баулу, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру – мек-

тепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасындағы басты міндеттердің бірі болып табылады (Адилова, 1988).

Аталған міндеттерді жүзеге асыру баланы ерте кәсіптік бағдарлау жүйесіне қоспай мүмкін емес. Себебі кәсіптік бағдар бойынша сабақтас-тық шеңберінде балабақша бірыңғай үздіксіз білім беру жүйесіндегі бастапқы буын болып табылады. Мектепке дейінгі мекеме – мамандықтар туралы негізгі білімді қалыптастырудың бірінші кезеңі. Балабақшадан бастап балалар ата-анасының, жалпы отбасы мүшелерінің қандай жұмыс атқаратындарын және мамандық иесі екендіктерін білу арқылы әртүрлі кәсіп түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен танысады.

А.Н.Леонтьев (1972) тұжырымдағандай, мектепке дейінгі жаста балалар ересектер әлеміне және олардың әртүрлі қызмет түрлеріне тікелей қызығушылық танытып, олардың еңбек әрекеттерін еліктеушілікпен жүзеге асырса, онда мектеп жасына дейінгі балаларда жеке мамандықтар туралы және олармен байланысты барлық мәліметтерге, білімге ие болады.

Біздіңше, ПДТ балаларды ерте кәсіпке баулу бірнеше маңызды мәселелерді шешеді: *бірінші-*

ден, мамандықтар туралы түсініктерін, базалық білімдерін қалыптастырады; *екіншіден* балалардың қызығушылықтарын, қабілеттерін анықтауға негіз болады; *үшіншіден* әр мамандықтың қыр-сырын меңгеру арқылы еңбекке құрметпен қарауға үйренеді; *төртіншіден*, балалар тілдік қатынасқа түсіп, кез келген ортада еркін қарым-қатынас жасауға, тіл мәдениетінің жетілуіне көмектеседі; *бесіншіден*, өз-өзіне қызмет етуге, жауапкершілікке тәрбиелеп, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Жалпы мектеп жасына дейінгі балаларды ересектердің кәсіптерімен таныстыру баланы әлеуметтендірудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылатындығын ескерсек, *зерттеу жұмысының өзектілігі* арта түседі. Өйткені мамандықтар туралы түсінік балаларға ересектер әлеміне тереңірек енуге, оны түсінуге және қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ кәсіпке деген қызығушылықты қалыптастырады және өзінің болашақ мамандығына деген арман-тілегін жоспарлауға көмектеседі. Ол өз кезегінде, бүгінгі әлемдік бәсекелестікке төтеп бере алатын, түрлі жағдаяттарда тиімді шешім қабылдай алатын, қарым-қатынас дағдыларын меңгерген, командада жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан, өзін-өзі сыни бағалай алатын құзыретті маманды даярлауға себепші болады.

Зерттеу әдістері

Теориялық: зерттеу тақырыбына байланысты психологиялық- педагогикалық, лингвистикалық арнайы әдебиеттерге, зерттеулерге ғылыми тұрғыда талдау жасау; білім беру бағдарламаларын талдау; теориялық негіздеу; *эмпирикалық:* праксиметриялық – талдау экспериментке қатысқан балалардың анамнестикалық деректерін анықтау, алғашқы анықтау эксперименті әдістері нәтижелерін өңдеу (алынған деректерді сандық және сапалық талдау) материалдарды математикалық-статистикалық өңдеу; Г.А.Урунтаева, Г.И.Гризиктің «Ересектердің жұмысы туралы идеялар», Л.В.Куцакованың «Ересектердің кәсіби қызметі» диагностикалары.

Әдебиеттерге шолу

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығында «Оқу қиындықтарының себептеріне байланысты мектептегі белгілі бір дағдыларды меңгеруде қиын-

дықтары бар балалар, сондай-ақ даму мүмкіндігі шектеулі...сөйлеу қабілеті зақымдалған балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін қанағаттандыру... қажет» деп жазылған (ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2016).

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының берген статистикалық мәліметі бойынша елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың саны – 161156, соның ішінде психикалық дамуы тежелген балалардың саны – 50826. Өкінішке орай осындай ерекше балалардың саны жыл санап артып отыр. Оның ішінде психикалық дамуы тежелген (әрі қарай – ПДТ) балаларды ерте кәсіпке баулу зерттелмеген тың мәселе болып табылады.

Балабақша алғашқы білім мен тәрбие берудің бастапқы баспалдығы десек, соның ішінде мамандықтар туралы алғашқы түсінік қалыптастырып, білім негіздерін қалайды. Алайда, бақылау жұмыстары көрсетіп отырғандай, мектеп жасына дейінгі балаларды кәсіптік әлеммен таныстыру толық деңгейде қамтылып, балалармен бірлескен зерттеушілік бағыттағы жұмыс түрлері нақты жүргізілмейді. Оның ішінде психикалық дамуы тежелген балалармен арнайы бейімделген материалдар негізінде құрылған бағдарлама, оқу-әдістемелік құралдардың практикада тапшылығы, әсіресе, қазақ тіліндегі нұсқасының жетіспеуі қиындық келтіруде.

Қазіргі таңда ЕББҚ балаларға кәсіптік білім беру – оларды әлеуметтік бейімдеудің басты шарты болып табылады. Кәсіби өзін-өзі анықтауды мектеп жасына дейінгі бала дамуының алғашқы кезеңдерінен бастау тиімді. Өйткені балалардың ересектердің еңбегімен ерте танысуы және еңбек қызметіне араласуы балаларға қоршаған ортадағы шынайы өмірге еркін енуіне, қоғамның мүшесі ретінде өзін сезінулеріне мүмкіндік береді (Хасанова, 2023).

Мектепке дейінгі мекемелерде ерте кәсіптік бағдар беру бойынша жұмыстың өзіндік ерекшелігі бар және ол ең алдымен, ЕББҚ балалардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін білумен негізделеді. Бұнда маңыздысы – балабақшадағы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету тобы мамандарының: арнайы педагог, логопед, психолог, ЕДШ (емдік дене шынықтыру) мамандарымен бірлескен жұмыс түрлерінің, кеңес алу.

Жалпы алғанда, ЕББҚ балаларға ерте кәсіптік бағдар беру тәрбиешілерді, педагогтар мен ата-аналарды тарту аса маңызды, өйткені бұл топ балаларының психологиялық-педагогика-

лық ерекшеліктері жүйелі бірлескен жұмысты талап ететіні сөзсіз. Рөлдік ойындар, материалдарды қарау және талқылау, қызмет өнімдерін жасау сияқты әртүрлі жұмыс түрлері де бұл балалардың кәсіби бағдарлануына маңызды әсер етеді. Бұл категория балаларымен жұмыс кезінде эмпатия, толеранттылық және мамандармен ынтымақтастыққа дайын болу қажет. Бұға қоса, олармен қарым-қатынас кезінде этикалық және психологиялық ережелерді сақтау қажет. Инклюзивті білім беруде кешенді кәсіптік бағдарлаудың маңызды міндеті ЕББҚ балаларда кәсіби таңдау мен қызметке ынталандыруды қалыптастыру болып табылады. Мамандық таңдау кезінде баланың мүдделерін, бейімділігін, қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескеру қажет. Мектепке дейінгі кәсіптік бағдар жеке бағдарланған болуы керек және топтық жұмыстың жеке формаларының басым болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстандық арнайы педагогикада инклюзивті білім ортасындағы түрлі даму бұзылыстары бар білім алушыларды оқыту, түзету жұмыстарын жан-жақты зерттегендерден Р.А. Сулейменова, З.А.Мовкебаева, Г.А.Абаева, А.Н.Аутаева, И.Г.Елисеева А.А. Байтурсынова, Г.С.Оразева, М.Ш. Адилова, А.Ж.Калыкбаева сияқты ғалымдарды ерекше атап өтуге болады (Хасанова, 2023; Оралканова, 2014; Оралканова, 2022; Мовкебаева, 2013). Сонымен қатар мектепке дейінгі кезеңде қалыптасуы қажетті кәсіптер туралы түсініктер мазмұнын нақтылаған отандық ғалымдар: Г.Ж.Менлибекова (2015), С.Н. Жиенбаева (2016).

Ең алдымен, психикалық дамуында тежелуі бар білім алушыларға тоқталсақ, олардың басты ерекшелігі – психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни есте сақтауы, зейін, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмендігінен байқалады. Баланың психикалық тежелуін клиникалық – психологиялық зерттеудің басталуы салыстырмалы түрде жақын аралықты білдіреді. Ең алғаш аталған аймақты зерттеуге арналған зерттеу жұмысы бұл – А.Штраус пен Л.Летиннің(2011) монографиясы болды. Авторлар баланың психикалық дамуының ерекшеліктерін мидың зақымдануынан деп суреттеді. Бұл ерекшеліктер қатарына мына белгілерді жатқызды: интеллектуалды мүмкіндіктері сақталған оқудағы қиындықтар, адекватты емес мінез-құлық. Мұндай балаларды ақыл-ой кем балалардан ажырата білу керек деп тұжырымдады. Басқа зерттеулер баланың психикасында тежелуі бар балаларда интеллектуалдылықтың

жетіспеушілігі ойдың, естің, ерік-жігер және басқа да тұлғалық ерекшеліктердің бұзылуынан деп көрсетті.

ПДТ балалар мәселесі барынша зерттелген, соның ішінде танымал дефектологтар Т.А.Власова, В.И.Лубовский, У.В.Уленьков, К.С.Лебединская (1980) психикалық дамуы тежелген мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың жалпы ерекшеліктерін айқындап берді. Ал психикалық дамуы тежелген балалардың оқудағы қиындықтарын А.О.Дробинская мен М.Н.Фишман(1995) нейрофизиологиялық зерттеулерінде ми құрылымдарының дамуының нормадан ауытқуымен байланыстырды.

Ресейлік және шетелдік психологтар мен педагогтердің «психикалық дамуының тежелуі» деген терминмен қатар, осы топтағы балаларды «әлеуметтік және мәдени депривацияға ұшыраған балалар», «мидың минималды дисфункциясы бар балалар», «уақытша психикалық дамуы тежелген балалар» және т.б. ұғымдардың көптүрлілігі аталған мәселеге түрлі көзқарастарды көрсетеді.

Ресейлік зерттеушілер психикалық дамуы тежелген балаларды зерттеуде осы мәселенің түрлі аспектілерін назарға алады. Интеллектуалды дамуы артта қалған және жалпы мектепте үлгермейтін балалар көптеген мамандардың (дәрігер, психологтар, педагогтер, арнайы педагогтер және т.б.) кешенді зерттеудің аспектісі болып келеді. Психикалық дамуы тежелген балалардың психикалық дамуының бұзылысы биологиялық, әлеуметтік, психологиялық – педагогикалық жағымсыз факторлардың өзіндік үйлесім келуімен түсіндіріледі (Коненкова, 2003).

Жалпы психикалық дамудың тежелуіне тән негізгі белгілер: тез жалығу мен шаршаудың әсерінен ынта мен қабілеттің төмендеуі; жалпы мәлімет пен елестету қорының шектеулігі; сөздік қорының жеткіліксіздігі; интеллектуалды іскерлік, ойлау әдетінің қалыптаспауы; ойын, іскерлігінің толық қалыптаспағандығы; қабылдаудың баяулауы; сөйлеу логикалық операцияның ойымен қиылыспауы; ақыл-естің барлық түрлерінің бұзылуы; сенсорлық мәліметтерді қабылдау мен оны түсіну мерзімінің ұзақтығы; өзін-өзі бақылау деңгейінің төмендігі; мектеп жасына келгенде оқу, ойлау, операцияларының қалыптаспауы-талдау, жинақтау, салыстыру, қорыту әдістерінің негіздерін түсінбеуі. Сондықтан да осы өзгерістердің дәрежесіне сай, баланың жасын ескере отырып, оларды әлеуметтік бейімдеу, тәрбиелеу, оқыту және түзету жолдарын

айқындау – бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінің міндеті. Осыған орай, нәтижелі арнайы әдістерді қолдану осы балаларға арналған арнайы балалар бақшалары мен мектептерде, мектеп-интернаттарда немесе жалпы мектептерде инклюзивті сыныптарды, арнайы түзету сыныптарын ашу ретінде жүзеге асуда (Коненкова, 2003).

Қазіргі уақытта ПДТ балаларды этнологиялық қағида негізінде жіктеу (классификация) қолданылуда. Психикалық дамудың тежелуі 4 топқа бөлінеді:

- конституциялық;
- соматикалық;
- психогендік;
- церебралдық органикалық.

Көрсетілген топтар бір-бірінен құрылым ерекшелігімен және осындай даму кемістігінің екі негізгі компоненттерінің себептерінен пайда болған. Аталған топтарда оқулық процеске қосымша ықтимал беретін, оның ішінде оқушылардың дамып – өсуіне арналған коррекциялық – педагогикалық, психологтық, логопедтік программалар кірістірілген инфантилизм түрі және нейродинамикалық сипаттамалар арасында болатын өзгерістер арқылы ажыратуға болады.

Жоғарыда берілген анықтамаларға сүйене отырып, біз *психикалық дамудың тежелуі (ПДТ)* – бұл балалардың қолайсыз биологиялық және әлеуметтік факторлардың әсерінен психикалық процестерінің (эмоционалдық, еріктік және танымдық) даму қарқынының уақытша баяулауы деп түсінеміз. ПДТ балаларға тән негізгі бұзылыстары баланың танымдық процестері мен эмоционалды еріктік саласында байқалады. Сонымен қатар балалардың зейіні тұрақсыз, есте сақтауы нашар, логикалық ойлауы, сөйлеу тілі мен моторикасы жеткілікті дәрежеде дамымаған. Осыған орай, бұл балаларда оқу үдерісінде жиі кездесетін қиындықтары: оқу үдерісіне жай қосылады; оқу материалын баяу қабылдайды; оқуы мен жазуы нашар; оқыған мәтінің түсінбейді және түсінігін айта алмайды; қатарластарымен қарым-қатынас орнатуда қиналады; тез шаршайды.

Бүгінгі инклюзивті білім беру жағдайында инклюзивті сыныпта қалыпты дамыған балалармен қатар, денсаулығында түрлі бұзылыстары бар, яғни ерекше білім беруді қажет ететін балалар да білім алатындығын ескерсек, оның ішінде ПДТ балалардың көп кездесетіні анық. Сондықтан да мұғалім ең алдымен, олардың физиологиялық, педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін ескеру арқылы арнайы бейімде-

леген жұмыс мазмұнын жоспарлауы қажет (Сардарова, 2025).

Қазіргі ХХІ ғасыр ауқымды өзгеріске, жаңалыққа толы кезең. Ол шығармашылыққа бейімділікті, оған ұмтылу негізінде проблемалардың стандартты емес және стереотиптік емес шешімдерін табу, оны жаңа да ерекше қырынан көре білу мүмкіндігін қажет етуде. Ең маңызды аспекті – бұл «өзінді өзін үйрету». Осыған орай, мұғалім алдындағы міндет – бұл баланы мақсаттар мен міндеттер қоюға, оларды шешу тәсілдерін табуға үйрету. Бұндағы ең маңыздысы – білім алушыны қойылған мәселені шешу үшін көптеген ақпарат көздері ішінен қажетті ақпаратты табуға үйрету. Ол өз кезегінде, әр мұғалімнің өз педагогикалық тәжірибесінде жаңа тәсілдер мен идеяларды іздей отырып, оның мүлдем жаңа қырларын ашуға, өзгеше жоспарын құруға және осы жаңалықтардан қуанышқа бөленуіне себепші болады. Бүгінгі таңдағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен практикаға сүйенсек, аталған мақсатқа жетудің тиімді құралы – инновациялық технологиялар. Оның ішінде білім беру мен оңалту үдерісін жүзеге асыруда ерекше басымдылық ләпбук технологиясына берілуде.


Мектепке дейінгі ПДТ (психикалық дамуы тежелген) балаларды ләпбук технологиясы арқылы ерте кәсіпке баулудың басты құндылығы ең алдымен, ләпбук – оқу материалын ұйымдастырудың ерекше түрі және көп ақпаратты жинақтайтын анықтамалық құралы. Сонымен қатар ол ересектердің балалармен (педагогтің тәрбиеленушілермен, ата-аналардың балаларымен) бірлескен серіктестік жобалық іс-әрекеті екенін ескерсек, бүгінгі тәжірибеге бағытталған білім беру талабын орындауда оның маңыздылығы мен қажеттілігі арта түседі.

Ләпбук-бұл дидактикалық ойынға толы материалдардан тұратын тақырыптық, интерактивті кітапша және бұл *технологияның ерекшелігі* – бұл қалыпты дамыған және дамуында әртүрлі даму ерекшеліктері бар білім алушыларға да тиімділігі. Ол таза табиғи материалдардан және денсаулық сақтау технологияларының ережелері мен нормаларын сақтау негізінде жасалады, қауіпсіз. Соған сәйкес ол ақпараттық, көпфункционалды, жеке және топтық сабақтарға жарамды болып табылады.

Ең маңыздысы – кітапша құрылымы мен ондағы үлестірмелі карточкалардың жиналмалығы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға түрлі танымдық сипаттағы оқыту мен оңалту үде-

рісін көрнекі мазмұнда табысты жүзеге асыруға, пәнге деген қызығушылықтарын оятуға көмектеседі. Жалпы ләпбуктың жұмыс принциптерін сурет түрінде келесі мазмұнда сипаттауға болады (сурет 1). Оның ішінде психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалармен жеке жұмыс істеуде басымдылығы жоғары. Өйткені бұл технология баланың шығармашылық ойлауын, ұсақ мото-

рикасын, сөйлеуін дамытуда және ақпаратты жақсы түсінуге және есте сақтауға көмектесуде ролі зор. Сондықтан да бүгінгі көптілді және инклюзивті білім беру жағдайында бүгінгі күн сұранысына сәйкес сапалы білім беру мәселесін шешуге өзіндік үлесін қоса алады деп тұжырымдаймыз. Бұл зерттеу жұмысының өзектілігін айқындай түседі.



1-сурет – Ләпбуктың жұмыс принциптері

Зерттеу нәтижелері

Бүгінгі таңда балабақшадағы ерте кәсіптік бағдарлаудың негізгі бағыттары:

- кәсіптік тәрбие (балалардың еңбекке деген қызығушылығын, еңбексүйгіштігін қалыптастыру);
- кәсіби ақпараттандыру (балаларды кәсіптер әлемі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету).

Бұл үдерістің екі түрі де мектеп жасына дейінгі ПДТ балалармен психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының басшылығымен жүзеге асырылуы мүмкіндігіне ие. Біздің зерттеу жұмысымыздың эксперименттік-тәжірибелік бөлімі 2024 -2025 оқу жылынан бастап Атырау қаласы білім бөлімінің «Алтын кілт»

атты N21 балабақшасы мен N15 «Балбөбек»бөбекжай-бақшасының базасында жүргізілді. Оған мектепалды даярлық тобының барлығы 24 бала қамтылды.

Біздің тәжірибелік- зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты – мектепке дейінгі ПДТ (психикалық дамуы тежелген) балаларды ерте кәсіпке баулу жұмысы деңгейін анықтау. Ол өз кезегінде келесі міндеттерді шешуді талап етті. Олар:

- тәрбиешелердің, ата-аналардың ерте кәсіпке баулу жұмысы туралы мағлұматтарын анықтау;
- күнделікті практикада ПДТ (психикалық дамуы тежелген) балаларды ерте кәсіпке баулу жұмысы мазмұнын ашу;

- мектеп жасына дейінгі ПДТ (психикалық дамуы тежелген) балалардың мамандыққа қызығушылығын, оларды таңдау өлшемдерін зерттеу.

Біз зерттеу жұмысы кезінде мектепке жасына дейінгі ПДТ балаларға ерте кәсіби бағдар беруде арнайы бейімделген психологиялық-педагогикалық құралдар кешенін, баланың жас, тұлғалық ерекшеліктерін және ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіби бағдарланған қызығушылықтарының, бейімділіктердің пайда болуына көмектесетін тиісті пәндік-даму ортасын құруға бағытталған әдістерді қолдануға тырыстық.

Сондай-ақ біздің құрастырған ерте кәсіптік бағдарлау моделіміз мектеп жасына дейінгі ПДТ балалардың әртүрлі мәдени тәжірибелерді игеруін қамтиды. Мектеп жасына дейінгі балаға арналған мұндай мәдени тәжірибелер келесі мазмұн құрады:

- ойын қызметі, еңбек заттарымен практикалық әрекеттерді игеруі;

«әлеуметтік сынақ», баланың еңбек қызметі кезінде әлеуметтік қатынастарды атқаруы», рөлдік ойын процесінде, сондай-ақ үй ойыншықтарын белсенді пайдаланудағы еңбек әрекеттері);

- өнімді қызмет, балаларды өнердің әртүрлі түрлерімен таныстыру (бейнелеу өнері, көркем әдебиет құралдарын пайдалану);

- танымдық-зерттеу қызметі.

Балалардың мамандықтар туралы идеяларын диагностикалауда біз келесі диагностикалық әдістерді қолдандық, олар: Г.А.Урунтаева, Г.И.Гризик(2001) «Ересектердің жұмысы туралы идеялар», Л.В.Куцакова(2007) «Ересектердің кәсіби қызметі».

Осы әдістердің негізінде біз мектеп жасына дейінгі балалардағы мамандықтар туралы идеялардың қалыптасу көрсеткіштерін анықтадық (Урунтаева, 2001):

1-көріністердің толықтығы; 2-мазмұн; 3-көріністердің дәлдігі.

Кімдер туралы?

1 – Суретте кімдер берілген?

2 – Суретте не көрсетілген?

3 – Олар не істеп жатыр?

4 – Қандай құралдар бар?

5 – Ол ким болып істейді?

Осы 5 сұрақ бойынша әңгімелесу үшін біз бірқатар мамандықтарды бөлдік:

1. Жүргізуші

2. Аспаз

3. Дизайнер

4. Құрылысшы

5. Сәулетші

6. Пошташы

7. Теңізші

8. Сатушы

9. Дәрігер

10. Фермер

11. Мұғалім

12. Фармацевт

13. Құтқарушы

14. Актер

15. Хореограф

16. Ветеринар

17. Нан өсіруші

18. Президент

5 тапсырма-әңгіменің әрқайсысындағы балалардың жауаптары 3 деңгейге сәйкесті бағаланды, яғни:

Жоғары деңгей: бала әңгімеге қызығушылық танытады, ата-анасының кім екенін және жұмыста не істейтінін біледі. Ол әр түрлі қызмет салаларындағы мамандықтарды нақты атай алады, қызметкердің не істейтіні, немен жұмыс істейтіні туралы айта алады және еңбектің пайдасы неде екенін нақты түсіндіре алады. Ол пайымдауда шатастырмайды, әртүрлі кәсіптердегі адамдарды сыртқы түрімен ажыратады және оларды дәл атайды. Ұзақ әңгімелесуге, ересектердің кәсіби жұмысын бақылаумен байланысты өмірлік тәжірибесінен мысалдар келтіруге дайын.

Орташа деңгей: бала ата-анасының кім жұмыс істейтінін біледі, ересектердің жалпы кәсіптерін атайды, бірақ ілеспе кәсіптер туралы оңай айта алмайды, нәтиженің маңыздылығын жоққа шығарады. Ұқсас мамандықтарды ажыратпайды, мамандықты тек белгілі бір адаммен байланыстырады. Ересектердің кәсіби жұмысын бақылаумен байланысты өмірлік тәжірибесінен мысалдар келтіреді. Әңгімелесу барысында ол жарқын эмоцияларды көрсетпейді.

Төмен деңгей: бала әртүрлі қызмет салаларындағы адамдардың кәсібін атай алмайды, еңбек құралдарын шатастырады, еңбек әрекеттері мен еңбек нәтижелері туралы түсініктері жоқ. Балаларға жауаптарды жиі қайталайды. Тіпті ересек адам өзінің жауабын тіпті ең танымал мамандықтар туралы да айта алмайды. Ата-анасының кім екенін білмейді, өзі кім болғысы келетінін білмейді, берілген тақырып бойынша әңгімеге қызығушылық танытпайды.

Енді осы тапсырмалар мазмұнына тоқталсақ, мысалы, №1 «кім қайда жұмыс істейді» тапсырмада балалардың ересектердің еңбегі туралы хабардар болу деңгейін зерттеу үшін әңгіме жүр-

гізіледі және әр балаға келесі сұрақтарға жеке жауап беру ұсынылады:

1. Адамдар жұмыста не істейді?
2. Жұмыс дегеніміз не?
3. Қандай жұмыстарды білесің?
4. Қандай жұмыс ұнайды?
5. Анаң мен әкең қандай жұмыс істейді?
6. Ең жақсы жұмыс қандай?
7. Сен кім болғың келеді?
8. Саған бұл мамандық неге ұнайды?
9. Жұмысқа бармауға бола ма?

Сол тәрізді №2 әңгіме «Ересектердің кәсіби қызметі (әңгімелесуге арналған хаттама нысаны)» тақырыбы бойынша мектеп жасына дейінгі ересектер тобы балаларынан сауалнама алу (Куцакова, 2007). Бұнда « қалай көрінеді? деген сұрақ аясында (сыртқы түрі)» жүреді, бала әр түрлі

мамандықтағы адамдардың сыртқы келбетін сипаттауы тиіс.

№ 3 тапсырма «не істейді? (еңбек әрекеттері)» бала әр түрлі мамандықтағы адамдардың қандай еңбек әрекеттерін жасайтынын (олар не істейді) тізімдеп көрсетулері қажет.

№ 4 тапсырма «қандай құралдарды қолданады?» Бала әр түрлі мамандықтағы адамдар қандай құралдарды, материалдарды, жабдықтарды қолданатынын еске түсіріп, атауы керек. №5 тапсырма «еңбек нәтижесі қандай?» Бала әр мамандықтағы еңбектің нәтижесі не екенін айтуы керек. 2-5 тапсырмалар бойынша балалармен әңгімелесу нәтижелерін тіркеуге арналған хаттама нысанына тіркеліп отырылады.

Осы анықтау эксперименті кезінде алынған нәтижелерге тоқталсақ, (кесте №1).


1-кесте – Балалардың кәсіптер туралы идеяларының жалпыланған нәтижелері

Деңгей	Суретте не көрсетілген?	Суретте не көрсетілген?	Олар не істеп жатыр?	Қандай құралдар бар	Ол кім болып істейді ?
Жоғары	25%	24%	8%	8%	12%
Орташа	60%	72%	64%	52%	52%
төмен	15%	4%	28%	40%	36%

